



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ



Мажарстан министрін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдеріне жұмыс сапары аясында елордаға келген Мажарстанның Сыртқы экономикалық байланыстар және Сыртқы істер министрі Петер Сийартоны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Мажарстанның саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы стратегиялық ынтымақтастығын дамытудың перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы мажарстандық дипломатқа ілтипат білдіріп, Премьер-министр Виктор Орбан жетекшілік ететін басқарушы «ФИДЕС» альянсын жуырда өткен парламенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық салада мүмкіндік мол екенін ерекше атап өтіп, Будапешттен арадағы ынтымақтастықты дамытуға баса мән беретінін айтты.

Мемлекет басшысы министрге елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалар, Жаңа Қазақстан құру туралы, сондай-ақ Конституцияға түзетулер енгізу үшін референдум өткізуге дайындық жөнінде мәлімет берді.

Петер Сийарто өз елінің басшылығын құттықтағаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс білдірді. Министрдің айтуынша, басқарушы партияның жеңісі Мажарстанның дербес әрі тәуелсіз сыртқы саясатын одан

әрі жүзеге асыру тұрғысынан маңызды.

Мажарстанның сыртқы саяси ведомствосының басшысы өз елінің Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті нығайта түсуге бейілді екенін жеткізді. Мажарстан басшылығының Қазақстан Президентін Будапештке сапармен келуге шақырғанын еске салды.

Петер Сийарто Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Жаңа Қазақстанды құру үшін жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды Виктор Орбанның қолдайтынын жеткізді.

Екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікке тын серпін беру үшін Мемлекет басшысы Премьер-министр Виктор Орбанның шақыруы бойынша Мажарстанға қарымта сапармен баруға дайын екенін мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Петер Сийарто халықаралық және аймақтық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті жаңадан сайланған Мажарстан Президенті Каталин Новакка және Премьер-министр Виктор Орбанға жүрекжарды сәлемін жолдады.

Қапшағайға Қонаев аты берілді

Қапшағай қаласының атауы ресми түрде Қонаев болып өзгерді. Бұл туралы Ақорда.kz хабарлады.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін: Алматы облысының Қапшағай қаласы Қонаев қаласы деп қайта аталсын», – делінген Жарлықта.


Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыса енгізіледі.

● ЖОЛСАПАР

ҰЛЫТАУ САПАРЫ: ЖЕЗҚАЗҒАН және ЖОШЫ ХАН

Қызылордадан шыға бере осы сапардағы жол қиындығы айтылған. Бұрын мұнда келген әріптестердің біреуі де Жезқазғанға барар жолды мақтамады. Қаладан шыға берген жол басталған асфальт 130 шақырымға дейін жетті. Әрі қарай кедір-бұдырлы тас жол. Жезқазған мен Қызылорда арасы 430 шақырым. Демек, үш жүз шақырым селкілдеуге тура келеді.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»



● МЕРЕКЕ

БІРЛІК КҮНІНІҢ БЕРЕКЕЛІ ДУМАНЫ



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін Сыр елі сән-салтанатпен атап өтті. 130-дан астам ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына жинаған мемлекет үшін бұл күн ерекше мәнге ие.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Мәдени-көпшілік шараға қала тұрғындары мен қонақтары қатысып, береке мен бірлікті айғақтайтын думанды ерекше көңіл күйде тойлады. Елімізде екі жыл қатарынан карантин енгізіліп, мұндай атаулы іс-шараларға үзіліс болғаны белгілі. Ал халықтың мерекеге деген сағынышын сол күнгі жаймашуақ ауа райы ұмыттырып жібергендей әсер қалдырды.

Орталық алаңдағы думанда түрлі ұлт өкілдерінің әні мен биі, салт-дәстүрі қатар айшықталып, бірліктің тұғыры беки түскендей болды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр халқын мере-

кемен құттықтап, ақжарма тілегін арнады, тәуелсіздік, татулық, тұрақтылық сынды баға жетпес құндылықтарды сақтауға шақырды.

Бірлігі жарасқан елдің тірлігі де төрге озады. Бүгінгі таңда ұлы мақсаттарды ұлықтап, достыққа құшағын айқара ашқан Қазақстан заманауи әлемде ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлымен бірге думанды жана көшін бастады. Берекеді бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында серпінді істеріміз нәтижелі болып, өңіріміз жаңа деңгейге көтеріліп, еліміздің іргелі облыстарының қатарынан көрінеді деп

сенемін. Жұдырықтай жұмылған ауызбіршілікпен ортақ мүдде жолындағы қиындықтарды қайыспай көтеріп, қуанышымызды бөлісіп, ақ ниетімізді, асыл қасиеттерімізді танытып келеміз. Бұл – тілі басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір жұртымыздың айналасына бірлігінің шексіз дәлелі. Біздің күшіміз – болағай берік бірлікте! – деді облыс әкімі.

Мерекелік құттықтаудан кейін шаралар легі ұлттық спорт түрлерінен оның ішінде қазақ жүресі, гир тасын көтеру және күш сынасу сынды сайыстармен жалғасын тапты. Орталық алаң

түрлі атрибуттармен әрленіп, әуе шары мен жер шары салтанатқа ерекше көрік қосты. Бейбітшіліктің мәңгілік символына айналған көгершіндер көкке қанат қақты. Өн мен би салтанат құрып, салт-дәстүр қатар өріліп, халықтар достығының көрінісі айқын көрінді. Шат-шадыман жүздерге қарап жүрек жылынды. Бір-бірін құттықтап жатқан ұлт пен ұлыс өкілдерін көріп көз қуанды. Аймақта өмір сүріп жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің ұлттық билерін билеп, әндерін айтты. Ең бастысы еліміздің амандығы мен жұртымыздың тыныштығын, халықтың ауызбіршілігін тілеген тұрғындар бір-біріне ізгі ниеттерін жолдады.

Алаңға жиналған халық көлөнер бұйымдарының көрмесін тамашалады. Мұнда әр ұлттың киім үлгілерінен бастап салт-дәстүрлерінен сыр шертетін ерекше бұйым түрлеріне дейін қойылған.

Көпшіліктің көзайымына айналған бұддіршіндер де өз өнерлерін көрсетіп, тұрғындардың ыстық ықыласына бөленді. Кішкентай көрермендердің назарын аударған қуыршақ театрының өнеріне жұрт тәнті болды. Думанды мерекеді «Сыр еліміз» деп ән шырқаған қазақ эстрадасының әншісі Серік Ибрагимов пен облысымызға белгілі өнерпаздар көрермендердің көңілі-күйін көтеріп, елге қуаныш сыйлады.

Осылайша бірлік пен татулықты ту еткен достық мерекесі халықтың көңілінен шығып, шырайлана түсті. Айта кету қажет, мұндай игі шаралар облысқа қарасты аудандарда жалғасын тауып, кең көлемде аталып өтті.

● МЕРЕЙ

Асқақ рухпен астасқан адами болмыс

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қазақстан және КСРО Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің 85 жасқа толуына арналған мерекелік жиын өтті. Онда актердің өмір жолын арқау еткен «Тағдыр тақтасы» спектаклі қойылды. Актердің шәкірттерінен құралған «Жаңа ғасыр» театры сахналаған қойылым көрермен көңілін теңіздей толқитты.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Тағдырдың небір сына-әрбір сәтінде аласапыранғына төтеп бергенімен, күй кешетін актердің жан

дүниесіндегі жанталас ойынды ойран етіп, көңілді ауыр мұң басады. «Неге?» деген сұраққа жауап таппай дал болып отырғанында, соның бәрін жеңіп шыққан кейіпкердің бойындағы өрлік пен өмірге деген құштарлық еріксіз қайран қалдырады. Иә, ол қуанған сәтінде жарық дүниеге құшағын айқара ашып, ал жабырқаулы кезінде жықын жандарының рухымен сырласып, жүрегінің дертіне дауа тапқандай болады...

Мерекелік жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аңыз актер, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовке Сыр жұртшылығы атынан құттықтау лебізін білдірді:

– Құрметті Асанәлі Әшімұлы! Әлемге танылған өзіңіздей дарабоз өнер иесін Сыр елі өз перзентіңдей құрметтейді. Бүгін өңірімізге ат басын бұруыңыз барша сырбойлықтарға үлкен қуаныш алып келгені сөзсіз.

2-бет

3-бет



Асқақ рухпен астасқан адами болмыс



Қазақ кино әлемінде көптеген күрделі бейнелерді асқан шеберлікпен сомдағанын ел жақсы біледі. Олардың қатарында М.Әуезовтің «Абай» романындағы Керім, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» бойыншасындағы Қодар, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» Еламан, Шекспирдің «Юлий Цезарь» пьесасындағы Цезарь секілді күрделі рөлдерін ойнайтын айналымы бар. Тіпті «Қыз Жібек», «Атамның ақыры», «Сіз кіміз, Ка мырза?», «Шоқан Уәлиханов» секілді атақты фильмдердегі әр сөзінді көрермен жатқа біледі десем, артық айтпаған болармын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сізді аса көрнекті актер ретінде КСРО ғана емес, бүкіләлемдік кинематография қауымдастығы мойындады» деген болатын.

Күрметті Асанәлі Әшімұлы, сіз тұма таланттыңызбен, кәсіби шеберлікпен сомдаған рөлдеріңізбен екі дәуір ұрпағының сүйікті актері ғана емес, ұлағатты ұстазы да бола білдіңіз. Барша Сыр жұртшылығы атынан

мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, амандық тілеймін! – деді Н.Нәлібаев.

Облыс басшысы мерейтой иесіне облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жапты.

Салтанатты кеште Асанәлі Әшімов Ж.Ерманның сөзіне жазылған А.Қоразбаевтың «Жан балам» әнін орындап, көңіл күйін бөлісті. Сыр халқының ыстық ықыласына ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

– Қазақ болып туғаным қуанамын, әсіресе, оның өнерін қуғаным қуанамын. Сахнада, экранда жалынды фильмдер жасап, өмірге қайта туа аламын. Қазағымның кең байтақ жеріне қуанамын, пәс көңілдімді таза ауамен суарамын. Басыма қанша қайғы-қасиет, мұң түспесін, бөлімді қайта бу аламын, – деп шумақтап бастаған актер сөзін әрі қарай сабақтады.

–Қымбатты халқым, бұл өңір маған етене таныс. Бұл өңір – 1926 жылы қазақтың алғашқы қарашыңырағы болған жер. Бұл өңір – ұлы Қорқыт атаның мазараты жатқан жер. Киелі мекен, өнердің, руханияттың

ошағы. Талай дарынды дүниеге әкелген жер. Қазақ өнеріндегі ұлы актриса Сәбира Майқанованың туған жері. Ұлыларыңызды ұлықтаңыздар. Ыстық ықыластарыңызға мың алғыс! – деді Асанәлі Әшімұлы.

Енді қойылым жайында бірер сөз, өмір тосын-сыйларға толы, алғашында агроном болуға бел бұған жас жігіт айналысындағы жақсы-жайсаң жандардың ақыл-кеңесімен өнер жолына түсіп, актер болып шығады. Кезекті бір кейіпкерін сомдау кезінде:

– Ей, тәкаппар дүние,

маған да бір қарашы,

Танимысың сен мені,

мен – қазақтың баласы!

– деп тау-тасты жаңғырта айғай салады. Иә, осылайша ол тәкаппар дүниені өзінің табандылығымен тәнті етті.

Тағы бірде терең сағыныш жүрегін сыздапты:

– Мен ән естімегенді көп болды, аяның өні, Майраңның әні...– деп кейіпкердің көңілі шарқ ұрады. Сондай кезде:

...Керен болып қалса да әлем мейлі,

Махаббат мәңгі екенін дәлелдеймін,

– деп өз-өзіне серт береді. Асқақтың рухы осылайша өңірмен басқан сан алуан қиындықты серпіп тастап, адами өмірдегі асыл мұратына қол жеткізеді.

«Тағдыр тақтасы» спектакліндегі басты кейіпкер А.Әшімұқтың ролін сомдаған жас актер Қуаныш Құдайбергеннің пікірін білген едік.

– Аңыз адамның ролін ойнау – өте үлкен жауапкершілік. Бірақ мен бұл жерде Асанәлі ағамызды емес, актердің ролін ойнадым деп ойлаймын. Кейіпкердің кейіпін еніп, сезімін, тебіренісін барынша жеткізуге тырыстым. Қолымнан келді ме, келмеді ме, бағасын көрермен берер. Десек те, алдағы уақытта бұл қойылымды одан әрі шынайы түсіп, талғамы биік көрерменнің жүрегіне жол табатындай дүниеге айналдырамыз деп айтқым келеді.

«Тағдыр тақтасы» спектаклі ең алғаш А.Әшімұқтың туған жері – Таразда, одан кейін Шымкент, Түркістан қаласында қойылды. Енді міне, киелі Сыр елінде сахналанды. Әрине, аңыз адамның болмысын таныту бір ғана қойылыммен шектелмейді. Бұл күнде ол кісі туралы том-том кітаптар жазылып, кино әлемінде және драмалық жанрада түрлі туындылар жасалып жатыр. Бұл қойылым – соның бір парасы ғана, – дейді ол.

Белгілі акын Бақыт Беделханның шығармасы бойынша сахналанған спектакльдің қоюшы режиссері – М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының режиссері Жұлдызбек Жұманбаев.

«Мың өліп, мың тірілер актер еңбегін сөз қылғанда, есіне еріксіз түсер танымал есім, таңғаларлық есім – Асанәлі. Қай құрлыққа, қай ұлтқа көрсетсеңіз де, қысылмай-қымтырылмай арқасүйер өнерпаз ұлың Асекеңдей болса, әрқалай-ақ асқақтай берейсің, халқым, қазағым!» деген екен қазақтың белгілі жазушысы Оралхан Бөкеев.

Айтса айтқандай, өнер дейтін аламанды қазақтай халқын әлемге танытқан тағдырлы да талантты актерге қашан да халқының құрметі шексіз.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Гезуба Шиелі Цемент» ЖШС басшысы У Чженьхуамен кездесті. Басқосуда аймақтың өндіріс саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Цемент зауытының басшысымен кездесті

Кәсіпорын жетекшісі өңірде цемент өндірісін ілгерілету бағытындағы жоспарларын таныстырып, зауыттың экономикалық көрсеткіштерін баяндады. «Гезуба Шиелі» зауытында тампонаждық және портланд цемент шығарылады. Өткен жылы 1,1 млн тонна цемент өндіріп, оның 326 мың тоннасын Өзбекстанға экспорттады. Зауыттағы еңбекпен қамтылған жұмысшылардың 90%-і – жергілікті мамандар.

Аймақ басшысы өңірде өңдеу өнеркәсіп түрлерін дамыту және экспортқа бағытталған тауарларды өндіру мәселелері уақыт күттірмей шешілуі қажет екенін алға тартты. Сондай-ақ, кәсіпорын басшысына алдағы уақытта да жергілікті халықты жұмысқа тарту, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясын-



да Шиелі ауданының қажетті инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән беру қажет екенін баса айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Жастарға үлгі игі бастама

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында аға буын өкілдері жастармен бірге Тұңғыш Президент саябағына көшет отырғызды. Ігі шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жастарға Сыр өңірін жасыл желекке айналдыру ортақ мақсат екенін жеткізді. Сондай-ақ, тұрақтылық пен татулық басты құндылық екенін еске салды.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»



Жастар ардагерлермен бірге түрлі ағаш көшеттерін екті. Бұл – қоршаған ортаға қамқорлық қана емес, сабақтастықтың ерекше бір көрінісі. Туған өлкені абадан тандыруға жалынды жастарды

тарту, үлкендік үн қосу әрқашан маңызды бола бермек.

Айта кетейік, апта сайын қызыл-ордалықтар экологиялық акцияға қатысып, қала газалығын сақтауға белсенді түрде атсалысып келеді.

● ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

МҮМКІНШІЛІГІМІЗ ҚАНДАЙ?

Иә, «көгілдір отын» – игілік. Мемлекет бұл игілікке барша ел тұрғындарының қол жеткізгенін қалайды, әрине. Осы мақсатта Қазақстан елді мекендерін газдандыру бағдарламасы жұмыс істейді. Елімізді газдандыру үшін 2022 жылға республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде 50,1 млрд теңге алдын ала қолдау тапты. Бөлінген қаржы күшімен биыл жоспарланған 46 жоба жүзеге асырылып, 1,8 мың шақырым газ желісі жүргізіледі. Бұл 95 елді мекенді газбен қамтуға мүмкіндік береді. Энергетика министрлігінің мәліметіне сай былтырғы жылдың қорытындысы бойынша елді газдандырудың жалпы деңгейі 57,7%-ті құраған.

2030 жылға қарай табиғи газбен елімізде 13,5 млн адамды, яғни ел халқының 65%-ін қамтамасыз ету жоспары бар. Қазір 6 аймақтың көрсеткіші 90%-тен асады. Олар – Атырау, Манғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары және Алматы мен Шымкент қалалары. Ал Қызылорда облысының газдандыру көрсеткіші 70%-ке жуықтайды, 2025 жылға таман оны 75%-ке жеткізу жоспарланған.

Әрине, газдандыру тіпті де оңай шаруа емес. Дүние жүзінде территориясы жөнінен 9-орын алатын Қазақстанның түкпір-түкпіріне газ желілерін тарту қиын қаржыны қажет етеді. Қазір Қазақстанның газ саласы – отандық экономикада қарқынды өсіп келе жатқан салалардың бірі. Газ өндіру өсіп, құбырлар желісі кеңейіп келеді. Қор бойынша Қазақстан әлемде 22 және ТМД-да Ресей мен Түрікменстаннан кейінгі 3-орында тұр. Газдың қорына тоқталар болсақ, ол 4 трлн текше метрге жуық. Бірақ ол – ілесіп, яғни жер астындағы газ. Оны жер бетіне шығарып, өндіру үшін үлкен инвестиция керек. Сол бағытта белсенді жұмыстар атқарылууда.

Қазақстанда газ тұтыну көлемі жыл санап артуда. Алайда өндіріс көлемі бұған сәйкес келмейді. Сондықтан бүгінгі өзінде дефицит қаупі ұлғаюда. «QazaqGaz» ҰҚ» АҚ алдына Мемлекет басшысы тарапынан қойылған басты міндеттердің бірі – ресурстық базаны арттыру.

Өткен жылы елімізде 54 млрд текше метр газ өндірілсе, биыл ол 55

Газдандыруда іркіліс болмайды

«Газ келді дегенше, жаз келді десенші». Бұл – жаңадан газдандырылған елді мекендер тұрғындарының қуанышын білдіретін сөз. Енді қайтсін, ас-су дайындау үшін жыңғыл шауып, үйді жылыту үшін көмір жағып, алау-дала болып жүрген адам бұл азаптан құтылып жатса...

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

млрд текше метр болады деп күтілуде. Бұл 1991 жылғы көрсеткіштен (7,9 млрд текше метр) жеті есе артық. Деректерге сүйенсек, ішкі нарықта тұтыну тұрақты өсіп келеді. Кейінгі төрт жылда 4,8 млрд текше метрге артып, 18,6 млрд текше метрге жеткен. Қазір Қытай мен Ресей елдеріне газ экспорттаймыз.

ТҰТЫНУ КӨЗДЕРІ ҚҰРТ ӨСЕДІ

Алайда алдағы жылдары газ экспорттың мүлде тоқтауымыз мүмкін. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, ішкі тұтыну көлемі артып келеді. Екіншіден, жаһандық жылындың алдын алу мәселесі бойынша Қазақстан Париж келісіміне қол қойған. Аталған келісімге сәйкес еліміз 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуі керек. Қазақстандағы электр қуатын өндіретін орталықтардың 70%-і көмірмен жұмыс істейді. Жоғарыда аталған Париж келісіміне сай 2030 жылы 70%-ті 40%-ке түсіру міндеттемесін алғанбыз. 2021 жылғы 1 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» Жолдауында елдің неғұрлым ластанған 10 қаласын – Алматы, Атырау, Ақтөбе, Нұр-



АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖОСПАРЛАНУДА

Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі ҚР Үкіметімен келісім бойынша Жол картасын әзірледі. Оның шеңберінде Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларын газдандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Нұр-Сұлтан қаласында 650 шақырым газ тарту құбыры салынды, бұл 190 мыңнан астам адамды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан облысы мен еліміздің солтүстік өңірлеріне қатысты министрлік газдандыру бағытының 2 нұсқасын қарастырауда. Бірінші нұсқасы бойынша «Барнауль-Рубовск-Семей-Өскемен-Павлодар» бағыты

бойынша Ресей Федерациясынан магистральдық газ құбырын салу көзделген. Екінші нұсқа бойынша «Сарыарқа» мемлекетаралық газ құбырынан «Теміртау-Павлодар-Семей-Өскемен» бағыты бойынша Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарын газдандыру нұсқасы қарастырылууда. Бүгінгі күні жоғарыда көрсетілген бағытта, магистральдық газ құбырлары құрылысының күннен айқындалу бойынша оңтайлы нұсқаны таңдау және одан әрі шешім қабылдау үшін алдын ала есептеулер жүргізілуде.

Қазақстанның батыс өңірлерін газбен жабдықтау жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар қолға алынады. Газбен қамтылған және үздіксіз қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған тасымалдау жүйесін жаңғырту және жаңа құбыр желілерін, оның ішінде «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГҚ лупингін және «Бейнеу-Жанаөзен» МГҚ-ның 2-желісін салу қажет. Қазір Үкімет «QazaqGaz» ҰҚ» АҚ Ұлттық операторымен бірлесіп,

жоғарыда көрсетілген жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтауда.

Бұдан басқа, Манғыстау облысында қолданыстағы «Бейнеу-Жанаөзен» МГҚ желісін, «Жанаөзен-Ақтау» МГҚ 3-желіні күрделі жөндеу, «Бейнеу» және «Жанаөзен» КС реконструкциялау, Құрық ауылындағы АГТС-тен «Жанаөзен-Ақтау» МГҚ-дан газ-бұрма салу жоспарланған. ҚР Энергетика министрлігі Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатын жетілдіруге бағытталған тапсырмаларын орындау жұмыстарын жалғастырады.

ТАРИФ ӨСІМІ

Ішкі нарықта газды тұтыну артуы және экспорттың тоқтауы тұтынушылар үшін тарифтің өсуіне әкелуі мүмкін. Экспорттық түсімдердің жоғары болуына байланысты ел ішінде бағаны төмен деңгейін ұстап тұруға мүмкін болып келеді. Газ экспортты тоқтаса Қазақстандағы төмен бағаны субсидиялайтын көз де болмайды. Сөз жоқ, сол кезде газдың бағасын көтеруге мәжбүр болады. Үкімет отырысында Энергетика министрі Ақшолоқов осылай деді. Бүгінгі есептеулер бойынша газ экспортты 2025 жылдан бастап тоқтайды.

Мамандардың айтуынша, газ бағасы ол кезде кемінде 60% немесе екі есеге дейін өсуі ықтимал. Сол кезде қарапайым тұтынушылардың қалтасына ауыр тимес үшін оларға арналған тариф оншалықты жоғарыламайды. Бірақ газдың нақты құнын төлей алатын және төлеуге тиіс тұтынушылар тобы бар. Бұл – толығымен экспортқа және валюталық түсімге бағытталған кәсіпорындар. Майнерлер де газға жақсы баға төлеуі мүмкін. Коммуналдық немесе әлеуметтік бағыттағы кәсіпорындарды басқа топқа бөлу керек болады. Өзірге мамандар баға концепциясын осылай жасайды деген болжам бар. Қысқасы, газ тұтынушылар әртүрлі санаттағы бірнеше топқа бөлінетін болады.

Қалай болғанда да Қазақстан өңірлерін газдандыру жұмыстарында іркіліс болмайды. Өйткені, бұл бағдарлама өңірлердің өнеркәсіптік дамуына елеулі серпін беруге, бизнес жүргізу мен тұрғындардың өмір сүру деңгейін неғұрлым тартымды етуге қабілетті.

ҰЛЫТАУ САПАРЫ: ЖЕЗҚАЗҒАН ЖӘНЕ ЖОШЫ ХАН

Жақсы үрдіс үзілмегей

Жезқазғанға жол тартуымыздың себебі жоқ емес. Бұл – облыстық және аудандық газет редакторлары және тілшілерден жасақталған дәстүрлі сапар. Үш жылдан бері «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Онғарбаев қалыптастырған үрдіс. Қайбір жылы Түркістандағы Арыстан бабтан бастап, Қызылдың құмында жатқан Жанқожа батыр мазарына дейін бардық. Рухани сапарда Ахмет Иассауи мавзолейі, Сауран, Сығанақ қалалары, Оқшы ата, Қорқыт баба, Марал ишан жатқан киелі мекендер туралы да қағазға түсіріп, қалың оқырманға ұсынғанбыз. Аралдың Ақирегінде жатқан Арыстан бабтың тағы бір мекеніне де сапар сәті түскен еді. Ал өткен жылы Түркістаннан басталған сапар Ұқаша атадан теріскейге өрлей отырып Баба түкті Шапты Өзіз, Ысқақ баб, сонау Қазығұрт жеріндегі Ғайып ерен, қырық шілтен секілді киелі мекендерде жалғасқан болатын.

Дәл сол үрдістен жаңылмай келеміз. Аманжол Сақыұлы бұл жолы Ұлытау сапарын тандапты. Неге Ұлытау десеніз, оны мақала барысында ашып айтамыз. Ал осы сапардағы шығармашылық топта 15-ке жуық адам бар.

Жезқазғанның жаңа дәуірі басталмақ

Сегіз сағат. Таңғы бесте шыққан біз осындай уақыт жүріпті. Жезқазған дәл осы кезде байқалды. Алдымен көзге көрінгені үлкен мұнара. Түгін бұдақтай шыққанына қарап, Жезқазғанның өндірісті қала екені бірден ойына сап етеді.

Иә, 430 шақырымды басып өтіп, Жезқазғанға да кіре бердік. Бұл дегенің Қызылорда мен Қазалының арасындай қашықтық. Расымен Қазалыға қатынайтын автобустар төрт сағатта шаршаптай апаратын. Жолы тептегіс қой. Кейбір жеңіл көлікте такси жүргізушілері алаөкіе болған күйі үш сағатта жеткізер еді. Бұның бәрі жанарған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының арқасы. Ал біздің митинг жүріске кірілі көрінген «Қызылорда-Жезқазған» арасына асфальт төсер болса, жағдай басқана болар ма еді, кім білсін?!

Кезінде облыс орталығы болған қаланы алғаш көрсеніз, көңілің құлазиды. Өйтсе де мұндағылардың өзі үйренген сияқты. Қаланы қалқайтып тұрған эзирге «Қазакмыс» корпорациясы мен бірқатар электр энергиясы және түсті металл өндіретін компаниялар ғана



шығар. Басқа көңілге қуаныш сыйлар көркемдік көре алмадық мұнда. 1954 жылы құрылған Жезқазғанның қазіргі күйі бұл.

Бір қуаныштысы, алда үлкен үміт бар. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Жезқазған аумағында Ұлытау облысын құру қажеттігін айтқан еді. Президенттің «Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім» деген сөзі елдің рухын көтерді. 1973 жылы облыс атанып, 1997 жылы таратылған Жезқазғанның қайта Ұлытау облысы болуы өңір экономикасының көтерілуіне оң әсерін тигізеді сөзсіз. Мұндағы халық соны аса зор сеніммен қабылдап отыр.

Кейінгі жаңалыққа сүйенсек, бүгінде Қарағанды об-



лысы құрамына жататын қай аудан, қаланың жана Ұлытау облысына қарайтыны белгілі болған. Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс XII сессиясында Ұлытау облысына Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев қалалары, Жанаарқа және Ұлытау аудандарын қосу ұсынылған көрінеді.

Жаңашылдыққа пәрмен

Жезқазғаннан қатарымызға тағы бір азамат қосылды. Бауыржан Бірманов есімді ағамыз өңірден шығатын «Шарына» газетінің бұрынғы бас редакторы. Жолсерік болған ол бірден Жошы хан кесенесіне қарай көлікті бұрғызды.

Ұлытау сапары енді айқындасып келе жатқандай. Сөз басында айтып өткендей, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы наурыздағы Жолдауда Ұлытау облысын құру, әрі қазақ даласының дәл жүрегінде орналасқан киелі өңірдің тарихтағы ерекше орны жайлы айрықша атап өткен еді. «Ел тағдыры шешілген ұлы жынандар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз» деген еді Мемлекет басшысы.

Міне, осы мақсатпен ұлылар мәңгілік тыныс тапқан өңірдің топырағын басып тұрмыз. Сыр журналистерінің көбі дерлік мұнда келе қоймаған. Содан болар, біздің әріптестерде қызығушылық көп.

Міне, осы мақсатпен ұлылар мәңгілік тыныс тапқан өңірдің топырағын басып тұрмыз. Сыр журналистерінің көбі дерлік мұнда келе қоймаған. Содан болар, біздің әріптестерде қызығушылық көп.

«Алтын Орда» деп аталып кеткен мемлекеттің 1456 жылы құрылған Қазақ хандығының бастауы екені айтылады. Ғалымдар жазбасында айтылғандай, өз дәуірінде айбатты болған мемлекет құрамына қазіргі Ресейдің көп бөлігі, Украина, Әзбекстан, Түркіменстанның кейбір аймағы, Қазақстанмен бірге Қырғым, Солтүстік Кавказ жерлері кірген.

Сарыарқа даласында жатқан хан кесенесіне түс ауа жеттік. Өзі алыстан көрінеді. Биіктеу төбе басында орналасқан екен. Одан төменіректе өзен ағып жатыр. Білетіндер «Қаракеңгір» дейтін суық осы» деп қалып жатты. Бастауын таудан алатын көрінеді.

Жошы хан кесенесі жанында заманауи кешен бар. «Екі жыл бұрын мұндай болмаған» дейді жол бастаушы Бауыржан ағамыз. Салтанаты келіскен сарай екен. Әсіресе, батыр дулығасы тектес шатырлар, күймелі арғымақтар, құлан мен әлемді билеген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының айқасы бейнеленген мүсіндер еріксіз көз тартады. Киелі жердегі нысандар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен салынған. Біз кесененің ту сыртын айналып алдымен осында келдік.

– Қош келдіңіздер, – деп әдеттегі амандық-саулықтан соң жігіт ағасы ғимарат ішіне бастай берген. Өзін Манат Айтбаев деп таныстырды.

– Сіздер көріп тұрғандай, бұл жаңа ғимарат «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені деп аталады. Мен осы кешенің директорымын. 2019 жылы тікелей Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен Ұлытау өңіріндегі тарихи жерлерді дәріптеу керектігі айтылған еді. 2020 жылы осы нысан құрылысы басталды. Алтын Орданың 750 жылдығына орай Жошы ұлысын ұлықтау мақсатында салынған кешен Президенттің қатысуымен бытыр қазан айының 20-сы күні ашылды, – деді ол. Осы арада



шылардың айтуынша, қыпшақ даласында бой көтерген алып мемлекеттің әу бастағы атауы Ұлық Ұлыс деп аталған. Сібір мен Орталық Азиядан бастап Шығыс Еуропаға дейінгі алқапты алған, одан қалды Еділ мен Дунай өзеніне тұлпарын суарған осы мемлекеттің жауынгерлері деп жазады. Ал орыс зерттеушілерінің жазбаларында

кешен директоры бөлім менгерушісі Бақытжан Көпбаевты таныстырып өткен еді. Мұнан арғы деректерді Бақытжан айты.

– Кешеннің тарихи-мәдени деп аталуының өзіндік себебі бар. Көбіне бізде тарихи-археологиялық не тарихи-өлкетану музейлері деп аталатын мәдени орындар жетерлік. Ал мұнда та-



рихпен қатар мәдени демалыс та ұйымдастырылған. Кешен ішінде келушілерге арналған қонақүй, асхана, музей, заманауи фильм көрсететін белме және жанында кәсіпкерлер тарапынан ұйымдастырылған этно ауыл бар. Екінші жағынан, мұнда сізге аса бір гид қызметі қажет емес. Себебі, өздеріңіз көріп тұрғандай, тас кескінді тұғырға орналасқан жылжымалы экран арқылы Ұлытау жерінің ұзақ жылдар бойғы тарихын үш тілде біле аласыздар. Өйткені, мұнда ел азаматтарынан бөлек, шетелдіктер де жиі келеді. Экранда қазақтың тарихи жерлері, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, жалпы ұлттық құндылықтары

– Басты мақсат – Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау арқылы Ұлытауды халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығына айналдыру. Міне, соның нәтижесімен қасиетті мекенге тәу етіп келушілер бар, шетелдік қонақтар бар, соларға ыңғайлы етіп салынған кешенді көріп отырсыздар. Расымен де ұлылар жатқан Ұлытауда келушілер алдымен осы Жошы ханға аяла-дәймен. Президентіміздің өзі Шыңғыс хан тұрғысын халықаралық туризмді дамыту үшін тиімді пайдалану керектігін айтқан болатын. Қазір де ұлы



топтастырылған ақпарат бар, – дейді кешен қызметкері.

Оның айтуынша, жалпы Қарағанды облысы бойынша 6 туристік аймақ болса, Жезқазған өңірінде бүгінгі күні толық зерттелген 250-ден астам тарихи-археологиялық ескерткіштер бар. Сондай-ақ ежелгі металлургияның да түп қазығы осы өлкеден басталады. Өйткені, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі осыны

қаранның үлкен ұлы Жошының мазары қазақ жерінде екенін көпшілік біле бермейді. Бірақ кешен салынғалы бұрынғыдан келушілер күрт көбейді, – дейді «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің бөлім менгерушісі Бақытжан Көпбаев.

Құлнанан келген ажал

Музей қызметкері Бақытжаннның бастауымен кесене басында тұрмыз. Мемлекеттің қатаң қорғауындағы ескерткіш ғалымдардың болжауынша XIII-XIV ғасырға жатады. Деректер бойынша, әлемдегі ең үлкен мемлекет саналатын Ұлы моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы осында жерленген.

– Шыңғыс қаған өз ұлдарына империясын бөліп бергенде Жошыға Дешті Қыпшақ тиген. Осы Ұлытауда Жошы ұлысы құрылады. Алтын Орданың негізі осы өлкеден басталады десек қателеспейміз. Ал енді аңыз бойынша Жошы ханды аңшылыққа құлан шайнап өлтірген дейді. Бұл сөздің жаны бар секілді. Өйткені, 1946 жылы белгілі ғалым Әлкей Марғұлан мұнда қазба жұмыстарын жүргізген. Сонда кесене қабірінен табылған ер адамның бір қолы жоқ екені анықталыпты. Кейіннен бұл жердегі сүйектерді Алматыға әкеткені белгілі болды, – дейді бізді кесене басына апарған Бақытжан.

Тарихи деректерде кесенені салуға Жошы ұлысына қараған қанлы, қонырат, керей, найман, арғын, қыпшақ сияқты үлкен тайпалар ат салысқан. Кесенедегі таңбалар соны айғақтайды.

– Кесенедегі тағы бір ерекшелік, мұнда жарық түсіру үшін күмбез жатқан үш ойықтың тұрғанын байқайсыз. Ал сыртынан қарағанда мұның іші қараңғы болып көрінеді. Бұл да сол дәуірдегі шеберлердің мықтылығы болар. Сондай-ақ кесене ішіндегі дәл қазіргі температура қыс уақытында да сол қалыпта тұрады. Осындай да өзгешелігін айтап кетуге болмайды, – дейді Бақытжан Көпбаев.

Жалпы кесене жайлы алғашқы дерек Бұхар тарихшысы Хафиз Таныштың (XVI ғасыр) жазбаларында айтылыпты. Жалпы мұнда 1946-1973 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, сондай-ақ 1998 жылы Жезқазған археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізген. Ал ескерткішке реставрациялық жұмыстар 1998-2000 жылдары, одан соң 2006, 2011, 2016 және 2020 жылғы жүргізілген. 1982 жылдан бері «Жошы хан» кесенесі республикалық маңызы бар тарихи ескерткіштің тізіміне еніпті.

Аңшылық кезінде Ұлытау даласында құлан шайнап өлтірген Жошының өлімін естірткен күйші Кетбұғаға да арнайы белгі орнатылған. Шыңғыс ханның кесенешісі, Жошының ұлық биі атанған кеменгер Кетбұғаның тарихта жырау, күйші, абыз, қолбасшы болғанын айтады. «Ақсақ құлан», «Нарату», «Сауға» күйлерінің авторы екендігі белгілі. Мұндағы белгінің астында Кетбұға бабамыз дүниеден көшкен Сириядағы «Айн-Жалут» жерінен арнайы алдырған бір уыс топырақ та қойылды. Халық «Ұлы жырау» атаған бабаның ұлықтау мақсатында 2017 жылы Жезқазған қаласында ескерткіш қойылған...

...Арқаның біз болған алғашқы түні ерекше күйге енді. Таңғы жол Домбауыл кесенесін бетке алмақ.


(Жалғасы бар).

Суреттерді түсірген **Нұрболат НУРЖАУБАЙ**
Қызылорда-Жезқазған-Қызылорда

● ҚУАНЫШ ЖИЕНБАЙ-70 ЖАСТА

Жерлесіміз, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі жазушы Қуаныш Жиенбай асқаралы 70 жасқа келді. Менің Қуаныш досым – кешегі Ғабит, Сәбит, Ғабидендердің көзі тірі жалғасы, атакты көркемөз шебері, кеше ғана дүниеден 98 жасында өткен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің сүйікті шәкірті, ізетті ізбасары.

...Әдетте, шығармашылық адамдары жайлы шынайы жазып, шырайын кіргізіп, оқырман оясын ойып орын алатындай тәп-тәуір дүние жазып тастасам дейсің. Бірақ ақ паракты алдына өңгеріп, енді жазуға жан салып кірісе бергенде... ормандай ойың сүйіліп, айтайын дегенін Аралдың табанындай ақ сорға айналып жүре беретіні бар ғой. Бұл жолы ойда жүрген тақырыбым оң жамбасыма келе қалмасым бар ма.



«Жалын» баспасының жабық бәйгесінде бірнеше мәрте жүлдегер атанды. Әсіресе оның сексенінші жылдардың аяқ шенінде осы әдеби бәйгенің ортасынан ойып орын алған «Мен баламын ба?» повесіне сол кездері аузы уәлі, сөзі дуалы аға буын, орта буын өкілдері бірсыпыра мақтау лебіздерін айтты. Сондай-ақ қай-бір жылы «Астана-Бәйтерек» республикалық жабық әдеби конкурста кезекті кесек шығармасы бас жүлдені иеленді. Ол ол ма, менің досымның әдеби бәйгелерде мерейлі үстем болды. Осыдан бірер жыл бұрын Халықаралық «ПЕН-клуб» сыйлығының иегері, «Алтын қалам» әдеби жабық бәйгесінде хикаяты мен драмалық шығармасы қатарласа жүлдегер атанды. Бірақ тұмысынан қарапайым қаламгер сол бәз-баяғы қалпынан айнымай, бірінен соң бірі жаңа туындыларын жарқылдатып жазып жатты. Бұл – жазушының айнымас, айрылмас дағдысы болатын.

Қаранышы, ашық, жай-машуақкүндердің өзінде телегей

шығарманың бәрі жазушымын деп кеудесін сабалайды. Абайлап өмірге тура қарасаңыз, шындық олай емес қой. Әуелі тірі сөз бен өлі сөздің ара-жігін айырар қабілет, аура қажет. Өмірді бояумен, тірі сөзбен көре білудің өзі – өнер. Сөйлете білген ғана жазушысың. Қуаныш осы баспалдақпен біртіндеп көтеріліп, енді сол суреткерлік әлемнен өз бояуын, өз шындығын, өз стилін тауып үлгірген» деген еді. Шындығында Қ.Жиенбай қаламгерлік шеберлігін ұштап, сақа суреткерлік дәрежесіне көтерілген тұлға.

Ойлап отырған қазақ прозасының алпысыншы жылдарғы көрнекті өкілдері жаңа ғана біздің кейіпкеріміз – Қуаныш Жиенбай туралы тұшымды лебізін білдірген Дүкенбай Досжанов, одан әрі Сайын Мұратбеков, Қабдеш Жұмаділов, Мағзұм Сүндетов, т.б. болса, жетпісінші-сексенінші жылдарғы келесі толқынға Оралхан Бөкей, Тынмырай Нұрмағамбетов, Жақығали Мұқанбетқали, Жаксылық Түменбаев, Жақау Дәурен-

құрсақ елдің елуінші жылдарғы түлектері болатынбыз.

Қуаныш Жиенбай жаңа сөзіміздің тізгін қағарында айтылғандай, Аралдағы ең танымал елді мекен, оны айтасыз, аты әлемге әйгілі – Бөгенде туған. Бөген – бар-жоғы сегіз жасында түйден құлап мерттігіп, өмір бойы төсекке тағылып жатса да, өз бетінше білім алып, тынбай қаламын тербеген қайсар қаламгер Зейнолла Шүкіров ағамыздың, эколог жазушы Сайлаубай Жұбатыровтың туған жер топырағы, кіндік қаны тамған жері. Қуаныш жазушылық пен жан-кештігі деген ұғымның егіз екеніне қаршадайынан-ақ көз жеткізіп келеді.

Еңбек атаулыға ерекше қайрат дарытатын, қаламгер атаулыға шабыттың нұрын құятын қасиетті Бөген Қуанышты да киелі өнердің соқпағына салып жіберген. Кеудесі кең, алақаны ашық, жүрегі жомарт, ары таза, намысы найзағай, ізі ізгілікті, ойы өткір, қаламы ұшқыр Қуаныш сол Бөгеннен бүгінге дейін жұртып келеді. Қаламгер бақыты да осы

Қаламгер бақыты

Кейіпкерім – өзімің түйедей құрдасым әрі сыншылтасым, Көнебөген ауылының қасиетті ақ шағыл құмында бір жылы дүниеге келіп, бірге өскен жазушы досым Қуаныш Жиенбай. Ауылдың үлкендері айтып қандай, аш-жалаңаш елді көне шинаймен жүріп, жеңіске жеткізген Сталин көкеміз қайтыс болып, «Қаратұп» колхозының үлкен-кішісі ұлардай шулап, азан-қазан жылжытып «кесепат» кезеңнен бір жыл бұрын дүниеге келіпті. Осы ауылда қашан кемелеттік жасқа жеткенше көрші тұрдық. Аналарымыз бен әжелеріміздің аяқ-табақтары аралас, әкелеріміз талаптас болған қарапайым жандар еді.

Қуаныштың қос әкесі Әліма мен Жаныл марқұмдар, менің әжем Құлпарам үшеуі шұақта ұршықтарың іріп отырып, ертелі-кеш сырласушы еді. Сол кездері о кісілер 60 жастың о жақ, бұ жағында екен-ау.

Біз дүниеге келіп көзімізді ашқанда алдымен көргеніміз шетсіз-шексіз көк теңіз болатын. Тымық күндері шырадай тұнып жататын бұл әлемді Арқадан дауыл тұрғанда көрсен... Құдды атакты суретші Айвазовскийдің әйгілі «Тоғыз вал» атты дауыл күнгі теңіз туралы картинасы көз алдында көлбөден тұратын еді. Айнала әлем астан-кестен. Ұлы теңізден күндектікі нәпақасын тауып жүрген балықшы атаулының қара қайықтары, үлкенді-кішілі кемелер көшкілерін (көшкі – Арал теңізі жағалауындағы көсіп иелерінің көсіп қолданыстағы сөзі. Анығын былайық жұрт «зәкір» деп атайды. Шынында «жорық» деген орыс сөзінің қазақша түрі) сүйретіп жағалауда шөккен түйелердей теңкііп-теңкііп жатады.

Теңіз жағалауында өскен біз үшін кемелердің дауылда далаға шығып қалғаны аса тансық емес. Көз үйренген әдеттегі сурет. Біз үшін қызғы – кемелерді, қайықтарды суға қайта түсіру қамында жанталасқан жағалаудағы күнұзасына тынбайтын тірлік. Бір жағына қарай қисайып жатқан дәу кемелердің балдыр басқан тұмсығын, бауырын түртікілеп, теңіз түбіндегі тіршілікті ойша елестетеміз. Себебі өмір бойы теңізде өскен, теңіз кешкен бұл аранның адамдары қайдағы су патшасы Сүлеймен, оның айдай ажарлы, күндей көрікті балық қызы және су астында жатқан қырық қала туралы аңыз әңгімелерді айбыздың қандыра айтып отыратын. Біз білесек, сол Сүлеймен патша, оның балық қызы, теңіз зауқайым тартылып кетіп, қайта тасығанда су табанында қалған қырық қалаға осы кеменің қыр тұмсығы қуа болған шығар-ау. Сондықтан қызу жұмыспен қарбалас жүрген үлкендердің көзін ала бере әлгі кеме тұмсығына қолымыз жетпеген соң ұзын қамыспен тұртіп ауызге түсіп жататынымыз. Сол дауыл күндері жағалаудағы жатаған үйлеріміздің қырық құрау терезелерін ақжал толқын мөлдір моншақтарымен жуып жататын.

Біз кейде бұл көріністі үйдің ішінен таңдана, тамсана қарап тұрамыз. Сыртта терезе әйнегін үздіксіз жуып жатқан толқын тамшыларына қарап, өзмізді аквариум ішіндегі балықтардай сезінетінбіз. Бұл – менің балалық шақтан есімде қалғаны.

Жоғарыда болашақ прозашы Қуаныш кеуіміздің өскен ор-

тамыз балықшы қауымы деп айтқан болатынымын. Оның қызығы көп шыжығын теңіз жағалауында өскен біздің замандастарымыз жақсы білсе керек. Бұл – басқалардан гөрі табиғаты өзгеше қауым. Мінездері бірде дауыл күнгі теңіздей буырқанса, енді бірде тымық күнгі теңіз айдынындай жайбарақат, әзіл-қалжыңдары өткір болады. Өтірік қолгінсімейді, қулық-сұмдықпен туасылы ісі жоқ адам жандар. Шындықты қанын сорғалатып бетін бар, жүзін бар демей шыр-пыры шыға алдына жайып салады. Құдды Қуаныштың кейіпкері Үргінішбай қария есіне түсетінін қайтерсін осындайда.

Міне, біздің көргеніміз, өскен ортамыз осындай адамдар болатын. Сонан ба, Қуаныштың досым кейіпкерлерінің көбісі – адал, шыншыл, өтірікке жаңы қас Арал теңізі жағалауындағы аклейіл адамдар. Сірә, жазушының жазу-сызу өнеріне келіп, біртіндеп қолтаңбасы қалыптасуына өскен ортасы себепкер болса керек. Өйткені оның кітаптарының бәрі дерлік Аралдың кешегісі мен бүгінгі туралы, теңіз-анамыздың басына төнген экологиялық ауыр зардаптары аз болғандай, көршілес Байқоңыр ғарыш айлауынан аспан әлеміне самғап жатқан зымырандардың зиянды қалдықтары жазушы шығармаларынан сырт қалмайды. Кітаптарының аты айқындап тұрғандай, тағы да қайталап айтамыз, Қуаныш Жиенбай шығармашылығының алтын арқауы – Арал мәселесі, оның ақжарын адамдарының тіршілік-тынысы. Мысалы, жазушының «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Жер үстінде де жұмақ бар» кітаптары Арал-анамызды айналап өтпейді. Тіпті «Құлған жанарындағы ғұмыр» атты повестер мен әңгімелер жинағында да Арал тақырыбы аналдайын «алақайлап» көзге шалынады. Мысалы, автордың осы кітапқа енген «Айың тусын оныңнан» атты әңгімесінде өзі туып-өскен Көнебөген ауылы көрініс табады. Оны жазушы төмендегіше суреттейді: «...Тенізі тартылып, шандағы бұрқыраған Көнебөген ауылына мұрын шүйіргісі келсе, кімнен қорқады, шүйіреді. Заңға тарта алайсың. Бекет пен балықшылар ауылының тағдыры жер мен көктей».

Немесе «Паромшының портреті» әңгімесінің ұзына бойғы желісінде жазушы паромшы Аманжолдың тірлік-тынысы, ішкі жан дүниесін жеріне жеткізе суреттей келіп, дария бойындағы Аманөткел елді мекенін де қалам ұшынан ұмыт қалдырмайды. «Тоғыз жолдың торабына айналып, хан базарындай қайнап жататын паром аузындағы менің бала күнімдегі кешегі Аманөткел бүгінгі Аманөткелге мүлдем ұқсамайды» деп, одан әрі базарлы нарық тұсындағы ауыл тіршілігі туралы толғанады. Ол – қазіргі қазақ ауылына ыртқ құбылыс еді.

Қуаныш Әлмұратұлының тырнақалды әдеби туындыларының тұсауын Арал аймағының айнасы – «Толқын» газеті кескенін оның өзі әлі күнге мақтан тұтады. Басқасы басқа, 1967 жылы осы газетте суретімен тұңғыш рет топтама балауса жырлары жарық көр-

ді. Сондағы Қуаныштың құдды әкесі тай мінгізгендей қуанғанын көрсен ғой. Сол топтамадағы «Асау» атты өлеңінің бір шумағы менің әлі күнге есімде.

Асау келеді ырық бермей қастанып,
Көргенім жоқ қаһарынан жасқанып,
Мені аяп қалған байғұс сұлудың,
Жанарынан кеткен болар жас тамыш.
Өстіп кете берелі, кете берелі...

Өмір жолы сан тарау. Орта мектептен соң бір-жар жыл Қазалы аудандық «Ленин туы» (қазіргі «Қазыналы Қазалы») газетінде корректор, әдеби қызметкер болып басталған Қуаныштың еңбек жолы мұнан соң ҚазМУ-дың журналистика факультетіне ұласты. Әйгілі оқу ордасының алғашқы курсында оқып жүргенде «Лениншіл жаста» жарық көрген Қуаныштың «Терезелерім ағыл да тегілі жылап тұр» деген өлеңі де менің әлі күнге жалдыма. Оның әскерде жүрген маған арнаған «Солдатқа хат» деген өлеңі де есімде жүр әлі. Ол өлең 1971 жылы Арал аудандық «Толқын» газетінде жарық көрген болатын. «Ой-хой, осы тұста студенттік алғашқы жылдардың өзінде-ақ оның республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде айдынды Арал жағалауының тыныс-тіршілігі туралы мәлекті мақалалары, сөз маржанын сүзген суреттемелері, ойлы очерктері жиі-жиі жарық көріп жатты. Сол тұста жас жазушы Қ.Жиенбайдың проза саласындағы тұңғыш туындысы – «Біздің Аралдың адамдары» атты көлемді әңгімесінің тұсауын республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің кескені бөгендіктердің әлі күнге есінде.

Кейін қаламгер Қуаныш Жиенбай қаршадай кезінде өзі армандаған «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің киелі табылдарының имене аттады. Осы басылымда оның журналистік, жазушылық таланты жарқырай көрінді. Әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болды.

...Бұл күндері «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлған жанарындағы ғұмыр», «Жер сілкінісінен бір жұма бұрын», «Ән салуға әлі ерте», «Екі оттың ортасы», «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Құдалынызды ұмытпа», «Жизнь в глазах кулана», «Қателесесің, қымбаттым», «Елде жоқ ерекшелер», «Жиделітоғайдағы жеті күн», екі томдық шығармалар жинағы, «Күн түспейтін теректер», «Жер үстінде де жұмақ бар», «Күздің жылы жаңбыр» кітаптарының авторы және бірақатар драмалық шығармалары республикалық театрлардың сахналарынан ойып тұрып орын алғанын көрермен қауым орында мақтан тұтады. «Сырдария кітапханасы» сериясы аясында жарық көрген қос томдық және басқа прозалық кітаптардың авторы атанған Қ.Жиенбайдың кейіпкерлерінің баршасы Арал аймағының, оның ішінде жазушының кіндік қаны тамған қасиетті Көнебөген елді мекенінің аклейіл адамдары...
...Кезінде майталман прозашы Қ.Жиенбай республикалық

теңіздің беті тып-тынық болып, сілтідей тыныш жатқанымен, терен түбі қайшыласқан ішкі ағыстар мен алапат иірімдердің құдіретімен толқып, тебіреніп жатады. Сайып келгенде, теңіздің тіршілігі – ағыстары, балықтары терен түбінде. Содан болар, теңізде туғандар теңізге ұқсайды, мінездері осы бір жаратылыс тылсыман аумайды. Ашығын айтсақ, біздің досымыз, толқанда туып, толқанда өскен Қуанышта да осы тектес, текті бір мінез бар. Сырттай сыйапты, сырбаз мінезді көрінетін Қуаныштың жан дүниесі теңіздің ағыстарындай шымырлап тербеліп, толқып жатады. Бұған дәлел, Қуаныштың сымбеледей сүйсіне жазатын образдары осындай... Қуаныш Жиенбайдың жаны, жүрегі, шығармашылық мақсаты сол – өзінің туған топырағынан, толқынды теңізінен екі әлі ажырамайды. Қуаныштың неге көңілі құласа, өзі алған әсеріне қарай соған ғана қалам тартады. Ол Арал адамдарының бейнесін боямасыз әдебиетке екелді. Қазіргі қазақ сөз өнерінің бүгінгі бір сарбазы – жазушы Қуаныш Жиенбайдың кітаптарын оқып отырғанда, теңіздің ақ бас толқындарының дүбірін құлаққа келеді, шуда-шуда шаланның иісі мүңкіп шығады, теңіз жағалауында төңкеріліп жатқан қайықтар көз алдына келеді. Тау-тау болып үйілген шеге құмның жоталары көз алдына көлбөден тұра қалады...

Қазақ прозасына өзіндік өрнегімен, айшықты қолтаңбасымен келген Қуаныштың «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Қайықшы», «Паромшының портреті», «Көпір» атты әңгіме-повестерінің кейіпкерлері – Арал аймағында адал еңбегімен күн көріп жүрген қарапайым адамдар. Шетінен жаны сірі. Шаруаны қолға алса, үлектей жапырады. Қыршаңқы әңгімеге келгенде қамшы салдырмайды. Кейде мінездері теңіздің тылсым тыншыған сәтіндегі момын. Намысына тиді екенсің, Аралдың басқа толқынындай тулап қоя береді. Табаданарынан су кеткеннен, жүрекерінен жыр кетпеген аралдықтардың типтеңдірілген мінездесінен Қуаныш айна-қатесіз жасайды.

Қазақ әдебиетінің қазіргі аға буын прозашыларының арасындағы шоктығы биік жазушы, жүйрік журналист Қуаныш Жиенбай қай шығармасында болсын өмірдің, адамның жан дүниесінің иірімдеріне үңілді, не жазса да тек өзіне, Қуанышша жазуға тырысты. Сол деңгейге шығып, сол үрдістен жаза баспай келеді. Қуаныштың оқырманын сүйсінтетін ең басты қасиеті – біздіңше, жоғарыда атап өткеніміздей, кімді, нені жазса да, суреттесе де, соны сағынып, толқып, тебіреніп, жүрегің жібітіп отырып жазатыны.

Қуаныш Жиенбайдың көркем шығармаларына Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжан көзі тірісінде еңбегі жылдары жоғары баға бере келіп: «Әр жазушы өз шындығын иманшарт тұтады, өзінің шыққан шоқысын тау көреді. Оқырман қауым осы күндері өңкей «мықтықтардан» кімнің кім екенін айыра алмай, өбден шатасып кетті. Кітап

беков, Марат Қабанбай, Смағұл Елубай, Сайлаубай Жұбатырұлы, Молдахмет Қаназ және басқалардың өкшесін баса проза әлемінің табалдырығынан уәлі ұмітпен аттаған үшінші бұйына Серік Асылбеков, біздің кейіпкеріміз Қуаныш Жиенбай, Қуандық Түменбай, Дидихмет Өшімханов, Мейрам Асылғазин, Жұмабай Шаштайұлы, Серік Байхонов, Несібек Дәутаевтарды жатқызуға болар еді.

Осы кейінгі топтың (қазіргі бұлардың өзі аға буын қатарында) арасынан әдебиет әлеміне алдақшан енген, көркем повестері, әлемі әңгімелері енген кітаптары жиірек жарық көріп жүрген Қуаныш Жиенбай есімі оқшауланғаны, көш басылға келе жатқаны аян. Құдай берген бір пайыз талантына тоқсан тоғыз пайыз жансөбіл еңбегі қосылып, маңдай тері моншақтап төгілген қаламгер қазіргі қазақ сөзінің алдыңғы қатарынан берік орын алғалы қашан.

Қуаныш досымның тағы бір ерекшелігі – теңіз жанды суреткер. Бұл – оның алғаш қаламын серік еткені бойына біткен біртұтас дағдысы. Алғашқы кітабы «Жалғыз желкеннен» бастап осы күнге дейін экологиялық апаат аузында отырған Арал тақырыбы оны ешқашан, ешуақытта айналып өткен емес. Әрине, теңіз тақырыбына қалам тартқан қазақ әдебиетінің өкілдері Қуанышқа дейін де болған. Мысалы, Әбу Сәрсенбаев, Зейнолла Шүкіров, Әнес Сарай, бұлардың бастауында тоқсан сегіз жасында бақилық сапарға аттанған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің әйгілі шығармалары Қаспий мен Арал теңіздері балықшыларының ерікке тән еңбектерінен көркем сөзбен кестеленген нағыз шұрайлы әдеби дүниелер болатын. Біздің айтып отырғанымыз әлем оқырмандары жылы қабылдаған әйгілі «Қан мен тер» және «Сонғы парызы» екенін көзі-қарақты, көкірегі күмбірлеген былайғы жұрт біліп отыр деп ойлаймын. Осынау алдыңғы толқынның теңіз туралы хикаяттарының қаршадайынан басына жастанып жатып отыратын Қ.Жиенбайдың олардан көп нәрсені үйреніп, көп нәрсені көңіліне түйгені анық.

Айтпақшы, Қуаныш Әлмұратұлы Әбдіжәміл Нұрпейісовтей әлемдік деңгейде көрінген сөз зергерінің әдебиет әлеміндегі үміт күткен санаулы шәкірттерінің бірі де бірегейі екенін жақсы білеміз. Ол – өзін-өзі мақтамайтын, мақтатпайтын сарас сөз иесі. «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген жыр жолдары осындайда ойға оралады. Кімнің кім екенін Алладан артық, халықтан артық ешкім білмесі хақ. Мақтаншақтық Қуаныш досымның бойында бала күннен жоқ ғадет. Бар болса тасымалды, жоқ болса жасымалды. Бұл бізге, балықшы қауымның ортасында өскен кеуімізге қанмен дарыған қасиет болса керек. Өйткені біздің ауылдың адамдары аузын ашса жүрегі көрінетін, ашуланса теңіз сияқты бұрқылдап, артына сап басылатын сарас адамдар еді. Біз бала күннен жоқшылықты, бертін келе тоқшылықты көріп өскен жарты

шығар. Сондайда қаламгердің ойына алыста қалған Көнебөген ауылында өткен жалау-жүдеу, бірақ бақытты шағы оралатын шығар, балкім. Бірінен бұрын Өйтеке би кентінде тұратын сүйікті анасы Айымқұл тұла бойы тұңғышының өнер жолындағы жетістіктеріне шүкіршілік етеді. Сірә де, ана үміті алдамайды.

Қара сөздің жорғасы

Жас күнінен жай таппай, Жаздық туған Аралды, 70 келді байқатпай, Ағартқан сәл самайды.

Биіктерге өрледің, Болдыр шаңың, шаршама. Уақыт өз өрнегін, Самайыңа салса да.

Өр таймасын жүзіңнен, Болдыр шаңың, шаршама. Өтір берген қызудан, Қартаймасын өмірің.

Топтан озсан қуандым, Болдыр арқау жырима. Қаламыңды суардың, Айдынды Арал суына.

Тайбурылдай жарыста, Шапана шап жұқпады. Шабыс қосып шабысқа, Қуантастың жұртты әлі.

Қарсы ал, жұрттым, Жөбеп шың, Қара сөздің жорғасын. Қуантуға керексің, Атың Қуаныш болғасын.

Айнамайтын Аралдан, Ұшан теңіз ойларын. Сол Аралдан жаралған, Қаламгерлік қайнарын.

Қаламгерге қарымды, Ықыласы зор елдің. Шәкіртің дарынды, Нұрпейісов Әбенең.

Кітабың жұр аралап, Байтақ елдің әр тұсын. Жаза бер дос, саралап, Күллі қазақ халқы үшін.

Толыбай АБЫЛХАНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты



Өнегесі өшпейтін абзал адам

Арамызда кеше ғана алшан басып жүрген бірімізге аға, бірімізге іні, бірімізге адал дос, балаларының аяулы әкесі, жарының арқасүйер сүйікті серігі, облысымыздың бокс мақтаншы, шәкірттеріне қадірлі ұстаз болған бауырымыз Сайлыбаев Нұрлан Әбдіқалықұлының дүниеден озғанына көзі ашып-жұмғанша 40 күн болыпты.



Нұрлан Сайлыбаев 1956 жылғы 7 қараша күні Жанақорған ауданы Төменарық совхозында көпбалалы отбасында дүниеге келді. Ол күнді әлемнің жарты елі «Ұлы Октябрь Социалистік революциясы күні» деп тойлайтын Нұрлан қуанып еске алатын еді.

Анамыз Шырын Түкеева Қазақстан Республикасы білім беру ісін үздігі, 45 жыл бастауыш сыныптың мұғалімі болған ұлағатты ұстаз еді.

Ата-анамыз қызмет бабымен 1961 жылы атақонысы Сырдария ауданы «Комсомол» совхозына көшіп келді. Нұрлан осы ауылда мектепке барды. Үлкен ағамыз Рақымжанның жол көрсетуімен, анамыз қарсы болса да, әкеміздің қолдауымен ауылдың бір топ баласын ертіп, Қызылорда қаласындағы спорт мектебінде бокс өнеріне жаттығып жүрді. Алғашқы жаттықтырушысы бүгінде марқұм Аман Рахметұлы Досмайылов болды. Сол балалардың ішінде Қоныс Ешпанов, Нұрлан Сайлыбаев, Тимур Әбдіғалиев облыс және республика чемпионы атанды.

Нұрлан 1974 жылы «Қайрат ерікті спорт қоғамы»

біріншілігінің жеңімпазы атанып, 1975 жылы республика чемпионының күміс медалін иеленіп, СССР спорт шебері нормативін орындады. Ол – облыстың бокс тарихында айтулы орны бар азамат. Осы өнердің арқасында көп қалаларда болды, бірсыпыра елді араланды. Анамыз мақтаншпен «Нұрлан әкем Түкейе тартқан, ол кісіннің жауырыны жерге тимеген балуан

болды» деп айтушы еді. Бокс өнері оны табандылыққа, жүрекшілікке, шыдамдылыққа, жауапкершілікке тәрбиеледі. Өзі соқпай еместі, тындырымды істің адамы еді.

Нұрлан 1980 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне Қазақстанда тұңғыш ашылған «Алғашқы әскери дайындық және денешынықтыру» мамандығы бойынша оқуға түсті. Қарағанды университетіне облыстан 11 жігіт әке-шешеміздің батасын алып, біздің үйден аттанып еді.

Нұрлан студент болып жүріп, анамыз дүниесінен кеткеннен кейін, анамыздың орнын басқан бастауыш сынып мұғалімі Гүлнар Сариеваны келін қылып түсіріп, отбасын құрды.

1985 жылы Қарағанды университеті бітіріп келген жас маман көп жыл «Комсомол» совхоз техникумы директорының орынбасары қызметін атқарды. 1995 жылы отбасымен ғылыми жұмысты жалғастыру үшін балаларымыздың болашағын ойлап, Алматы қаласына қоныс аударуға шешім қабылдаған сәтте Нұрлан мен Гүлнар келін

«Әбеке, аға, жаңа жерге жалғыз аттанбаңыз, сізге серік болайық» деп Алматы қаласына көшкен едік. Бірақ үйді шамамызға қарай Алатаудың қойнауындағы Есік өзенінің жағасында орналасқан Есік қаласынан алдық. Қаланы аралап жүргенде Нұрлан: «Әбеке, неге біздің балаларымыз да осындай жер бетіндегі жұмысқа жүрмеске» деп қуанған еді. Балалары сол жерде өсті, енді немерелері шауып жүр.

Нұрлан Алматыда алғашқы жылдары қалалық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институтында «Алғашқы әскери дайындық» пәні мұғалімдерінің әдіскері қызметін атқарып, мұнда да еңбегін сийірді. Ол жылдары республикада аталған пәннің арнайы дайындалған мұғалімдері ташы еді. Осындай жағдайда Нұрлан әскери пені өзінен жоғары отставкадағы офицерлерден мектеп педагогтарын тәрбиеледі. Күні бүгінге дейін ол кісілер Алматыда іс-шараларда кездесіп калғанда Нұрланды сұрап еске алады.

1999 жылдан бастап Есік қаласындағы Аблайхан атындағы №4 мектепте директорын

орынбасары – АӘД жетекшісі қызметінде 20 жыл ішінде «Педагог-зерттеуші» дәрежесінде жас ұрпақты тәрбиелеп шығарды. Есік халқы оның іскерлігін, адами қасиетін қалай бағалайтынын қоштауға келген жұртшылықтың ықыласынан байқадық. Мектеп директоры Ләйло Тунқаева отбасына арнайы келіп, «Нұрлан ағайдың орны жоғалмасын, баласы Береке ауысып келсін папасының орнына» деген ұсыныс айтты. Бұл бауырымыздың өзіне, оның аруағына деген құрмет емес пе?!

Гүлнар келіміз екеуі екі ұл мен бір қыз өсірді, олардың жоғары білім алуын қамтамасыз етті. Балалардың барлығы да әке-шешесіне танап педагог мамандығын алды. Жасының ізінен жаңа ұрпақ өсіп келеді. Тәлім алған қаншама шәкірті жетілді.

Аллаға шүкіршілік етеміз. Нұрлан бауырымыз әке-шешеміз бен Бақытжан ағасының қасына мәңгілік мекеніне кеткенмен бұл өмірде ізі қалды.

Әкімжан САЙЛЫБАЕВ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Асыл ұстаз тұлғасы аласармайды

Белгілі жазушы Б.Узақбаевтың «Шырағың сөнбесін» атты кітабында аймаққа аты мәлім ұлағатты ұстаз Қалыбай Бекеновтің қиын-қыстау тағдыр кеше жүріп, алдына қойған мақсат-мұратының жолында аянбай еңбек етіп, бірегей болмысын қалыптастырғаны жайлы баяндалған.

Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

«...Қалыбай балалар үйінде тәрбиеленсе де жасық болмай, өжет, қайсар әрі батырлығымен қатарластарың таңғалдырды. Ештеден тайсалмайтын, өнерге, оқуға құштарлығы басқаларға қарағанда ерекшеленіп тұратын. Әкесі жоқтығын ешкімге білдіргісі келмеді. Төрт құбыласы тең адамдай өзін барынша байсалды ұстайтын» – деп айтылады онда. Оңірдің дәулетті адамдарының бірі болған Бекен ақсақал кешегі кенестің кезеңінің тұсында қысым көріп, іргелес қырғыз еліне көшкен екен. «Бала-лап басына, тұрмтай тұсына» деп, елден жырақ бас сауғалап кетсе де, іштей күйзеліп жүрген қарттың «сүйегім туған жерде қалсын» деген тілегі қабыл болып, көп ұзамай Отанына оралып, ағайынмен арыздасып, өмірден өтеді.

Бекен ақсақалдың артында он бір бала қалған еді. Ол кезде тоғыз жастағы Қалыбай Аламесектегі балалар үйінде тәрбиеленіп жатты. Ал анасы Жұмақұл екінің ұлы Науқанбайды алып, елден көшуге мәжбүр болды. Жас та болса алы орнықты, қайсар мінезді Қалыбай елде қалды. Ағайын арасында ер жетіп, қатарға қосылды.

Бала шәкірт Қалыбай барлық сабаққа алғыр, оның ішінде математика пәніне қабілеті ерекше болатын. Сондықтан білікті шәкірттің болашағына ұстаздары да үлкен үміт артқан. Осылайша жастайынан оқу-білімге деген құштарлығы оны мұғалімдік мамандық алуға жетеледі. Өзі сыйды ойы озық, білімі терең қатарластарымен бірге қаладағы педагогикалық училищенің үздік бітіріп, Ресейдегі Ульяновск қаласына арнайы сапарға жолдама алған болатын. Алайда, 1941 жылы тұтқиылдан соғыс өрті тұтанып,

елдегі ер азамат түгел Отан қорғау жолында майданға жіберіліп жатты.

Білімді жас Қалыбай Бекенов те қысқа мерзімді офицерлікке дайындау курсынан өтіп, соғысқа аттанып, қолына қара алды. Соғыста Власов армиясының қатарында кіші офицер болды. Жауға қарсы жойқын шабуылдарда ажалмен талай мәрте бетпе-бет келді. Майдан даласында от пен оқтың ортасында жүріп, жанкештілік пен табандылықтың куәсі болған сәттері қаншама?! Отанына шын берілген жауынгерлер қарша бораған оққа қарсы еш іменбей күресіп отыратын. Сонымен бірге, сұм соғыста зәлымдік пен сатқындықтың да зардабын тартқан кезі болды. Жау қолына түткінің түсіп, көрмеген азабы қалмады. Өйтсе де «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, танқаны таусылмаған қазак солдатты соғыс біткеннен кейін ай жарымдай уақыт жүріп, туған жеріне табан тіреді.

Елге оралған соң Шымбөгет орта мектебіне мұғалім болып орналасып, қызу еңбекке араласып кетті. Ол уақытта жастың да, көрінің де сауат ашып, білім алуға деген көңілі алабөтен. Сондықтан жас маманның жұмыс ауқымы көбіейіп, жауапкершілігі де арта түскен.

Соғыста жүрген кезінде педучилищенің қатар оқып, көңілі жарасқан Демегүл есімді қызбен хат алысып тұратын. Бір-бірінен қанша алыс болса да оларды жүрек түкпіріндегі алдербір аяулы сезім жақындастыра түсетін. Елге оралған соң көп ұзамай Демегүлмен қайта жолығып, шаңырақ құрды. Екеуі де мұғалім, сондықтан болар, ой-пайымдары орайласып, көңілдері жарасып, адал еңбек ете жүріп, тұрмыстың мыңсан түйтікіліне дес бермейтін. Алайда соғыста жүргенде Қа-



лыбайдың жау лагерінде тұтқындында болғаны қайда барса да алдынан шыға берді. Өлгілер қайта-қайта жауап алып, зурер-сарсаңға салды. Ақырында Қостанай облысына алты жылға жер аударды. Өмірдің бар қиындығы мен қызығын бірге көруге серттенген аяулы жары Демегүл қасында болып, қатар жүріп еңбек етті. Сонымен, кесімді мерзімнен өтеп, 1954 жылы туған жері – Сыр өңіріне оралады. Осы жылдары отбасы, қарғатерен жекжаттың жайымен, Ағартерен ауылдық мектебінде төрт жылдан аса ұстаздық еңбек етті.

Қалыбай Бекеновтың туған жері – «Аққұм» ауылы. Бұл жердің әрбір бұтасы көңіліне ыстық, адамдары да соншалықты бауырмал. Аралдан оралған соң ғұмырының соңына дейін жұбайы Демегүл екеуі туған ауылдың мектебінде еңбек етіп, қаншама балаға білім беріп, қатарға қосты. Олардың ішінде ұстазның ізін жалғап жолыны түскендер де, шығармашылық пен өнер биігіне өрлегендер де бар. Ал сан түрлі себеппен арнайы білім алуға мүмкіндігі болмағандар ауыл шаруашылығын айналасында адал еңбек етіп жүр.

Ұстаз бақыты деген сол шығар, шәкірттерінің бәрі Қалыбай ағайын мен Демегүл апайының есімін құрметпен атайтын. Ұрпақ тәрбиелеудегі ұзақ жылы адал қызметі үшін Қалыбай Бекенов «Қазақ ССР оқу-ағарту

ісінің үздігі» атанды.

«Аққұм» ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Науқанбай Шуақбаев Қ.Бекенов жайлы естелігінде былай деген екен:

«Қоғамда, елде, өмірде қандай мемлекет қайраткерлері, дарынды ғалымдар, өнертапқыштар, конструкторлар, өнер адамдары, ақын-жазушылар, даңқты қолбасшы, батырлар, елді аузына қаратқан би-шешендер, барлығы да ұстаздың алдынан өтіп, білім, тәрбие алып, өздеріне құдіреттің берген ақыл-қабілетінің арқасында сондай дәрежеге жетеді. Олардың бәрі де өмір бойы өзін оқытып тәрбиелеген Қалыбай ағай мен Демегүл апайдай ұстаздарын ұмытпайды, қадірлейіп, сыйлайды, әрқашан айтып жүреді. Бұл – әрбір ұстаздың бақыты, еңбегімен қол жеткен табысы, рухани байлығы десем оған да ешкім қарсы болмас. Адам өмірінде рухани байлығы мол, дүниетанымы кең, жан-жақты білімді адамдар үнемі жақсылық жағымен көрініп, бірге жүрген адамдарына әрқашан өзіннің адамдығын болмысы мен парасатының өзгешелігімен биіктігін де көрсетіп отырады».

Иә, ол жылдары елдегі жағдай белгілі, біреуден ілгері, біреуден кейін күн кеше де, отбасының қадір-қасиетін бағалай білді. Елдің баласын оқыта жүріп, отбасынан өрбеген тоғыз баланы өсіріп, қатарға қосты. Олардың әрқайсысының

өмірден өз жолын табуы үшін ата-аналық қамқорлығын аямды. Әке тәлімі туралы ұлы Ерғалап Бекеновтің айтар әңгімесі көп. Білім саласында көп жыл ұстаздық қызмет атқара жүріп, қандай бір жетістікке қол жеткізсе, оны әке берген тәрбиенің жемісі деп біледі.

– Әкем айтушы еді, «Негізі өмірде үш мақсатың болсын: кісі ақысын, жол ақысын, біреудің еңбегін жеме, Құдай алдына келтіреді. Екі адамның арасына төрелік айта алмасаң, әділдікпен шын сөйле. Өмірге бала әкелдің бе, оны өл-тіріл, өз еңбегімен оқыт. Баланы оқытсаң оның сауабы мен мәні көп» деуші еді, – деп жазды ол.

Еңбек және соғыс ардагері, майдангер ұстаз Қалыбай Бекеновтің габриатты ғұмырын баян еткен «Шырағың сөнбесін» (авторы Б.Узақбаев. «Арна» баспасы, 2013 жыл) атты мазмұнды кітаптың шығуына ұрпақтары көп еңбек етіп, ата-ана алдындағы перзенттік парызын атқарды. Сондай-ақ, бұл кітапта Ибадулла Құттықожаев, Абзал Тайманов, Сәбит Иманғалиев, Болат Мұстаыпов сынды елге белгілі азаматтардың естелігі берілген.

Ұлағатты ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Қалыбай Бекеновтің туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Әке есімін ардақ тұтып, абыройын асырған ұрпақтары туған жері Аққұм ауылында жас өркенге тағылым боларлық іс-шаралар өткізді. Атап айтқанда, А.Бисенов атындағы №38 орта мектептегі ұлағатты ұстаз Қалыбай Бекеновтің атындағы математика кабинеті жаңа заман талабына сай қайта жабдықталды. Математика пәнінен «Ұстаз бейнесі мәңгі есімде» атты аймақтық олимпиада өтті. Ұстаз Қалыбай Бекенов туралы деректі фильм түсірілді. Сонымен қатар, ұстаздың арғы ата-бабаларының баласы Алтай қажы шегеніңі белгі қойылды. Ауыл спортшылары арасында ұлттық көкпар ойыны ұйымдастырылды. Осылайша габриатты өмір жолы ғасырға жалғасқан ұстаздың жарқын бейнесі ел жадында жаңғырып, есте қалды.



Акция онлайн форматта өтеді

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығына орай «Жаужүрек полк» акциясы онлайн форматта «Батырларға тағзым» атуымен өткізіледі.

Акция Tengrinews сайтындағы «Жеңімпаздар/Победители» онлайн платформасында ұйымдастырылады. Шағара қатысушылар whatsapp 77009051945 нөміріне майданда қаза болған аталары туралы мәліметті (аты-жөні, туған күні мен жылы, әскерге шақырылған жері, атақ-шешені, фотосуреттері және тағы басқа) жібере алады. https://tengrinews.kz/pobediteli/ сайтына кіру арқылы сауалнама толтырып, соғыста қаза болған батырлар мен ардагерлер туралы ақпаратпен танысады.

Tengrinews ақпараттық порталында «Батырларға тағзым» атуымен арнайы платформа әзірленген. Платформаға әр қазақстандық соғысқа қатысқан аталарының, жақындарының ақпараттарын суреттерімен орналастыра алады. 9 мамыр күні аталған платформада «Батырларға тағзым» онлайн шеруі өткізіледі.

TENGRINEWS

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық бағаландыру орналасырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

KazTransOil		<h2 style="margin: 0;">ЕСКЕРТУ</h2>		ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА	
<p>«КазТрансОйл» АҚ Қызылорда облысының аумағында «Құмқал-Қарқойын» магистральды мұнай құбырлары, ТӨБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілерімен белгіленгенін ескертеді.</p> <p>ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және ҚР-нда телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің арбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің арбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі; бір техникалық дәлізге төселген көп желілік құбырдың трассалары бойында – шеткі құбырлардың өстерінен 1) тармақшан қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; суасты өкпелдері бойында – өкпелдердің шеткі желілері өстерінің арбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кентілігі учаскесі түрінде; өнімді ақтарып шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде; бас және аралық айдау және құю орны станциялары, резервуар паркеті, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу таралтқы, құю және қотару ұстақдалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады; орманы жоқ учаскелерде енді-мекендерден тыс орналасқан жер асты қабілді және әуе байланыс желісі мен радиотелефон – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының арбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде. <p>ҚР ЕК 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНДІ. ҚАУІПСІЗДІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТТАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛУҒА ТҮЙІМ СЫЛЫНАДЫ</p>		<p style="text-align: center;">ТҮЙІМ СЫЛЫНАДЫ:</p> <p>Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> тану белгілерінің, бақылау-өлшеу пункттерінің ауыстыруға, үюге және сындыруға; кабелі желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және ескістерін, желілік арматурасын тарап қоршауларын, қатодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылыстарды ашуға, қрандр мен мсырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге; түрлі қоқыс орындарын жасауға, қишқылар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге; жаға бетіну имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құбыл мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуға; зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретелермен және тралдармен өтуге, терендетіп қауым немесе жауын батыру жұмыстарын жүргізуге; от жаруға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға. <p>Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазба рұқсатынасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> «КазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жәйілесту және пайдалану тәртібін келісілеі магистральдық құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өкпелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиымдарын орналастыруға; бұқ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртқыштар тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақмаларды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «КазТрансОйл» АҚ-пен келісімімен қандай да бір жұмыстарды орындауға; магистральды құбырларға қызмет көрсету және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «КазТрансОйл» АҚ-пен орналасатын жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа осы жолдар бойында магистральды құбырларға орта қарсы және құзат қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; көз-келген құрылыстар мен имараттарды салуға; автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын 		<p>ұйымдастыруға;</p> <ul style="list-style-type: none"> мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрататын жүйелерді салуға; «КазТрансОйл» АҚ-пен келісілеі тау, құрылыс, жинақтау және жарылық жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге; ұңғымалардың, шұрфтардың құрылыстарымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезиялық және басқа тәсірлер жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минимумды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады. <p>Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындауға жеткіліксіз жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазба рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. кем дегенде 5 тәулік бұрын «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізуге орнына шақыруға; құбырлардың және тау белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті. «КазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймаққа жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы. ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕК 3.05-101-2013 «Магистральдық құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (мемілік түрде қатысқан) және құбырлар өтпейтін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. <p>Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚРКЕ талаптарын бұзушылықтарға кіналау алуымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.</p>	
<p style="text-align: center;">Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:</p> <p style="text-align: center;">«КазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы 100600, Жезқазған қ. Ескі әуежай ауда., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 925-255 – «Құмқал» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241, Факс: 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.</p>					

БЕЛЕС

М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі – қазіргі жаһандану ғасырындағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай бәсекеге қабілетті, кәсіби білікті маман даярлауды басты межесіне айналдырған, білім саласындағы бірегей іргелі оқу орындарының бірі.

Газиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы»



Келешегі кемел білім ордасы

Тәуелсіздік жылдарында колледж республикада ең алғашқылардың бірі болып болашақ мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, қажетті мамандар даярлау ісін аймақтың индустриалды-экономикалық стратегиясына сәйкес бейімдеу, білім беру саласындағы жаңа технологиялар мен тиян идеяларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жұмыстарын қолға алған болатын. Оқу ордасы өзінің даму стратегиясын нақтылап, басты бағыттар бойынша атқарылатын жұмыс ауқымын кеңейте түсті. Атап айтқанда, арнайы пәндерді оқытуда критериалды бағалау жүйесін енгізу, модульдік-құзыреттік білім беру бағдарламаларын қолдану, CLIL әдістемесі бойынша арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды сатылап енгізу, «Е-college» автоматты басқару жүйесін оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану, қашықтан оқыту форматындағы білім беру қызметін дамыту мәселелері үнемі басты назарда.

Білікті маман дайындауда бірінші кезекте оқытушылардың орны ерекше. Бұл тұрғыда білім ордасының оқытушылары – өз ісінің нағыз шеберлері. Англия, Норвегия, Германия, Түркия, Чехия, Оңтүстік Корея елдерінде білімін жетілдірген облысқа танымал үздік педагогтар. Сондай-ақ, бүгінгі жас мамандарға ғылым докторлары, кандидаттар мен магистрлер, «Ы.Алтынсарин» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегерлері, ҚР Мәдениет ісінің үздігі, ҚР Суретшілер, Хореографтар одағының мүшелері және республикалық «Үздік педагог» байқауларының грант иегерлері, халықаралық және республикалық кәсіби байқаулардың жеңімпаздары дәріс беретінін атап өткеніміз артық болмас.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни 1991 жылы оқу орнында тек күндізгі бөлімде 3 мамандық бойынша 686 білім алушы болса, қазір күндізгі және сырттай бөлімде 13 мамандық 23 біліктілік бойынша мамандар даярланады. Демек білім алушылар саны үш есеге артқан. Бұл да ұстаздар қауымының үздіксіз шығармашылық ізденісі мен ұшан-теңіз еңбегінің жемісі. Осы жылы колледж базасында алғаш рет республикалық оқу-әдістемелік орталық құрылды. Орталықта 10 мамандық бойынша білім берудің мемлекеттік стандарттары мен типтік оқу жоспарлары, 123 пәндік оқу бағдарламасы жасалып, ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы бекітілді. Сондай-ақ, бағдарлама аясында Монғолия Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағындағы білім беру бөлімімен келісім-шарт жасалып, ол елден келген жас оқуға қабылданып, қазақ мектептері үшін мамандар даярлана бастады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, биыл педагогикалық колледждің іргесі қаланғанына 90 жыл болса, оқу орнына есімі берілген қазақтың аяулы қызы, Кеңес одағының батыры – Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл. Осыдан жиырма жыл бұрын, яғни М.Мәметованың 80 жылдығында оқу орнында тарихи-танымдық музей ашылған болатын. Бүгінде жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуде ерекше орны бар іргелі орталыққа айналған. Колледж түлектері арасында бірнеше спорт түрлері бойынша олимпиада чемпиндары, халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері, республикалық және облыстық байқаулар мен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары бар. Ал, өнермен аймаққа аты белгілі «Нұрғұл» халық эн-би ансамблі мен «Айнарай» хоры қазақ өнерін халықаралық деңгейде дәріптеп жүрген шығармашыл ұжым. Сол сияқты, колледж жанынан ашылған студенттік бизнес-инкубатор арқылы бітірушілер нарық сұранысына сай кәсіпкерлікті меңгеріп, 20-дан астам түлек өз жұмысының жемісін көруде.

ТАНЫМ

Заманауи білім мен ғылым, өркениетіміздің барлығы негізін Аристотель ілімінен алады. Оның адамзат танымының көптеген саласын қамтитын еңбектерінің арасында «Полютика» атты кітабының орны ерекше. Тіпті, ол кітапты оқып шықсаңыз, саяси теория бойынша басқа кітаптарды оқудың қажеті жоқ деуге болады. Себебі саясат туралы біз білуге тиістің барлығы дерлік сол кітаптан табылады. Айталық, азаматтық қоғам, жалпыға ортақ игілік, саяси режимдердің типологиясы мен олардың трансформациясы, конституцияның түрлері, жеке және қоғамдық қатынас – осының бәрі Аристотельдің «Полютика» кітабында бар.

Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

АРИСТОТЕЛЬ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ ҚАРСЫЛЫҚ

Аристотель Ежелгі Грецияда дүниеге келген. Өмір бойы сонда тұрған. Сондай-ақ, ол – Антиқ дәуірінің ең әйгілі тұлғаларының бірі Александр Македонскийдің ұстазы әрі саяси кеңес берген әріптесі. Македонский мұрасынан өз үлесін алып, жүздеген жыл Мысырға билік жүргізген Птолемей әулеті патшалығының да идеялық негізін салған ғұлама. Басқаша айтсақ, сол кездегі Македония империясы, тіпті империя ыдыраған соң оның аумағында құрылған мемлекеттер үшін де Аристотель барлық дүниенің бастауында тұрды деп айта аламыз. Аристотель – әйгілі Платонның шәкірті. Жиырма жылдай Платон академиясында тәлім алып, кейін Ликей деп аталатын өзінің мектебін құрған адам. Бүгінгі біздің барлық лицейлер сол Ликейден шыққан. Бір сөзбен, еврей, мұсылман, христиандық, тіпті, кейінгі бағыстық ғылыми ой-пікірлердің барлығы да Аристотельді пір тұтады. Аристотель ұғымында саясат – полистік, яғни, қаланың ісі. Полис – шағын қала-мемлекет. Полисте сол қаланың азаматтары тұрады. Ал, әрбір азамат – сол қаланың ісіне, қоғамдық-саяси өміріне араласатын, халық жиналысына тұрақты қатысатын адам. Аристотель үшін адамның азаматтығы сонымен өлшенеді. Сондай-ақ, мұндай түсінік бүкіл Ежелгі Греция қоғамына ортақ ұстаным деуге болады. Ол заманда гректер қоғамдық өмірден алашақ, азаматтарының жалпы жиналысына, мемлекеттік және қоғамдық демократиялық басқарудың басқа да нысандарына қатыспайтын полис азаматын «идиот» деп атағанының өзге көп нәрсені аңғарса керек. Жалпы, бүгінге дейін жеткен кез келген грек шығармаларын оқысаңыз, онда, ең алдымен, полис тұрғындарының қандай да бір лауазымдарға тағайындалатыны туралы деректерді кездестіресіз. Шағын қала-мемлекеттің әрбір азаматы өмірінде кем дегенде бірнеше рет сенатор немесе стратег, судья, болмаса әскери саладағы бір лауазымға тағайындалады. Полистегі жоғары лауазым иелері бірнеше жыл сайын кезек бойынша немесе жеребе арқылы қайта тағайындалып отырады. Осылайша, полис азаматтарының барлығы мемлекеттік істерге тікелей араласып, полис өміріндегі маңызды шешімдерге ықпал ете алады. Демократияның мұндай жарқын үлгісі кейінгі адамзат тарихында болған емес. Қазіргі саясаттану ғылымында бұл құбылыстың «ұлы грек демократиясы» аталатыны да содан.

Аристотельдің «Полютика» кітабындағы бүгінгі саясаттанудың негізгі мәселелерімен тікелей байланысты тағы бір нәрсе – «Thumos» (тумос) ұғымы. Мысалы, Платон жанның үш құрамдас бөлігінің ең күштісін тумос деп атаған. Гректер тумосты жастық жалпымен, адамның жегірімен де байланыстырады. Тіпті, грек ойшылы Эмпедокл тумосты «өмір мекені» деп атап, тумостан айрылған адам есін жоғалтады деген тұжырым жасаған. Ал, Аристотель оны адамның зерделігімен, адамгершілігімен қатар жүретін өте күрделі ұғым ретінде қарастырып, тумос – адамның әділетсіздікті көргендегі сезімі деген анықтама береді. Бұл ұғым несімен маңызды? Оның саяси мәні неде? Бір жағынан саясаттану – рационалды мінез-құлқты қарастыратын нақты ғылым саласы. Себебі, саясат – түрлі мүдделер аясында құрылған топтардың, ынтымақтастықтардың күресі. Дегенмен, саясаттың ғылыми қисына келмейтін құрамдас бөлігі де бар – бұл азаматтардың әділетсіздікке наразылығы. Саяси процестерге, саяси қарсылықтарға, саяси режимдердің құлауына алып келетін, революциялардың қозғаушы күш саналатын мұндай наразылықтың табиғатын түсіну қиын. Бұл тұжырымдама арқылы халықтың өмір сүру деңгейі өте төмен болуы мен саяси режимді өзгертудің арасында тікелей байланыстың жоқтығын түсіндіруге болады, яғни, халықтың азабы шегіне жеткен кезде төңкеріс жасайды деу қате. Әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, азаматтардың түрмесі деңгейі тым төмендеп, басқа да қиындықтар шектен асқанымен, диктаторлық жемқорлық жайлаған және басқа да тиімсіз саяси режимдердің іргесі шайқалмауы мүмкін. Себебі адамдар қандай қиын өмірге де бейімделе алады. Оған қоса, тұрмыс деңгейі өте төмен қоғамда азаматтардың наразылық білдіруге ресурсы мен мүмкіндігі бола бермейді. Анық әділетсіздікті көргенде, сезінгенде барып халықтың наразылығы оянады. Міне, дәл осы әділетсіздікке наразылық туындағанда ғана, саяси режим үшін қиын күндер туады. Тіпті, экономикалық көрсеткіштер, мемлекеттің барлық саладағы өз функцияларын дұрыс орындауы да саяси режимді мұндай наразылық салдарынан сақтап қала алмайды. Дәл сол ұғым бізге саясаттанудағы ең жұмбақ терминдердің бірі – биліктің легитимділігінің мағынасын ашып көрсетеді. Өйткені легитимділік – биліктің билік ету құқығы, биліктің заңдылығының мойындалуы. Бұған не себеп? Неліктен адамдар аяқ астынан «биліктің әрекеті заңсыз» деп тұжырым жасаймай-ақ, саяси режимнің әділетсіздігін, әйтеуір бір нәрсе дұрыс емес екенін бейсаналы түрде түсіне қояды? Осы бір жұмбақ құбылысты да Аристотель өзінің «Полютика» кітабында кеңінен сипаттайды.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Заңсыз қару алып жүрген

Облыстық полиция департаменті Шиелі аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері аймақты аралау барысында «Самара-Шымкент» тас жолының бойында ауыл тұрғынын тоқтатқан. Тексеру барысында тұрғынның өзімен бірге ішкі істер органдарында тіркелуде жоқ, 16-калибрлі, 1 ұңғылы аңшы мылтығын заңсыз алып жүргені анықталды.

Оған Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабы 1-бөлігімен қаттама рәсімделіп, сотқа жолданды.

Мас күйінде көлік жүргізген

Қалалық полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері жыл басынан бері мас күйде көлік айдаған 181 жүргізушіні ұстады.

1-бөлігімен тәртіп бұзған 173 азаматқа хаттама толтырылып, жеті жылға жүргізуші куәлігінен айыру және 15 тәулікке қамауға алу шарасы көзделген. Көлік басқару құқығы жоқ 8 көлік жүргізушісі автокөлікке қайтадан масаң күйде отырып, Қылмыстық кодекстің 346-бабы 1-бөлігі бойынша полиция басқармасының уақытша ұстау абақтысына қамалып, автокөліктері айып тұрағына қойылған. Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

АЛ СІЗДІҢ БУЫНДАРЫҢЫЗ ҚАЛПЫНДА МА?



Буындардың ауруына көптеген түрлі жағдайлар себеп болады. Көбіне, бұл – жас ұлға келе, түрлі жарақаттар, зат алмасу, қанайналымының бузылуы, остеофиттер мен тұздардың пайда болуы, және де бұлшық еттер мен сіңірлердің әлсізденуі болып табылады. Бұндай патологиялық процестер артрит, артроз, остеохондроз, подагра және басқа да буын ауруларының туындауына әкеледі. Буын ауруларына көбіне: жамбас, тізе, табын буындары, омыртқа жотасы мен саусақ буындары шалдығады.

Дерт кей кездері симптомсыз жүреді: жайсыздық, буындардың қызаруы мен ісінуі, бұлшық еттердің әлсіздігі. Бұндай жағдайлар кезінде, науқас пайда болған жағымсыз жайттарға үлкен мән бермеуі мүмкін, алайда ауру бұл уақытта жана буын байламдарын аурушандық күйге тарта отыра, асқина түседі. Емді уақытылы қабылдамау қайтымсыз салдарға ұшыратып, ақыр соңында, мүгедектікке әкелетінін түсіну аса маңызды. Тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу үшін ғылымдар қуатты табиғи парафармацевтикалық «Артрорезерв» препаратын әзірлеп шығарды. Препараттың ерекшелігі – құрамы тиімді және пайдалы компоненттерге өте бай, ол сүйек пен шеміршек тіндерінің жұмысын қалпына келтіріп, бұлшық еттер, байламдар мен сіңірлердің икемділігін жақсартып, буындарға кешенді түрде әсер етеді. Препарат синовиалды қабықты қалпына келтіріп, синовиалды сұйықтықтың қажетті мөлшерде өндірілуін ынталандырады, осының нәтижесінде буындардың икемділігі қалыпқа келіп, сүйектер арасындағы қажалу азаяды. Қолданыстың алғашқы кезеңінде-ақ, науқастың жағдайы едәуір жақсарып, ауру белгілері жойылады, еркін жүріп тұру қалпына келеді. «Артрорезерв» курстық қолданудан кейін, көптеген сүйек ауруларын толығымен жойып, адамды салауатты күйге қайтаруға қабілетті.

«Артрорезерв» Еуропалық ревматологтармен мақұлданды, отандық және халықаралық сертификаттарға ие. Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны тандап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.



Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: жобалау ұзақтығы 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құраушылардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрорезервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 925 54 24 немесе arthroreserve.kz сайты арқылы.

«Сыр бойы», «Қызылординские весты», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru. Газетіміздің келесі саны 7 мамыр, сенбі күні шығады.